

25 наурыз,
Жұма,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

ҰЛЫС КҮННІҢ ҰЛАҒАТЫ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ «ЖЕР МЕН КӨКТИҢ ЖАҢАРУЫ», «ТІРШІЛІКТІҢ БАСТАУЫ» ЖӘНЕ «КҮН МЕН ТҮННІҢ ТЕҢЕЛГЕН УАҚЫТЫ» ДЕП ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ РЕТІНДЕ АТАП ӨТІП КЕЛЕДІ. БҰЛ КҮНІ ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ КӨШЕЛЕРІ МЕН АЛАҢДАРЫНДА АҒАШ ҮЙЛЕР ТІГІЛІП, МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТТЕР ӨТЕДІ. ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, АТҚА ҚОНҒАН ӘР ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНҒА ДЕГЕН ӨЗ ШЕБЕРЛІКТЕРІМЕН ХАЛЫҚТЫ ТӘНТІ ЕТЕДІ. МЕЙРАМНЫҢ БАСТЫ ТАҒАМЫ – НАУРЫЗ КӨЖЕ ЖЕТІ ТҮРЛІ ДӘМНЕН ЖАСАЛАДЫ. ҚАЗАҚТАР «ЫРЫС-БЕРЕКЕ МОЛАЯДЫ» ДЕГЕН СЕҢІММЕН ҚҰЙЫЛҒАН НАУРЫЗ КӨЖЕНІ ТАУЫСЫП ҚОЮ КЕРЕК ДЕП СЕНГЕН. СЕБЕБІ «ЖУАННЫҢ ЖІНІШКЕРІП, ЖІНІШКЕНІҢ ҮЗІЛЕР ШАҒЫНДА» БАР ДӘМІН КӨПШІЛІКПЕН БӨЛЕ ЖЕГЕН АҒАЙЫН ДАСТАРХАНДЫ МОЛЫНАН ЖАЙЫП, ЫСЫРАПШЫЛЫҚ БОЛДЫРМАУДЫҢ ДА ЖОЛЫН ТАБА БІЛГЕН.



Осы орайда өткен сейсенбіде, Ұлыстың ұлы күніне арналған мерекелік шаралар таңертемен басталды. Наурыз тойға жиналған қалың жұртшылыққа орталық саябақтың есігі айқара ашылды. Саябақ ішіне ағаш үйлер тігіліп, мерекеге жиналған адам қарасынан ине шаншырлық жер табылмады. Еске салсақ, соңғы екі жылда коронавирус індетіне байланысты карантиндік шектеу шараларын сақтау, қауіпті індетке жол бермеу мақсатында айтулы мереке елімізде жаппай тойланбай келді. Алайда, бұл жолы қалыптасқан дәстүрден жаңылмаған ойылдықтар орталық саябақ ішін адам шуына толтырды. Береке бастауы болған мерекеге асыға келген ағайын бірі-бірімен керісіп, қуана

кейінген келіндер аудан жұртшылығына иіле сәлем салып, «Тұсау кесу» рәсімі қойылды. Сондай-ақ сахнада қазақлықтың иісін аңқытқан сахналық қойылымдар көпшіліктің жүрегінен жол тауып, ыстық қошеметке бөленді. Тоқтала кетсек, аруларымыз сері жігіттерге қолқа салып, өнерлерін тамашалап ғана қоймай ақылдары мен білімдерін сынға салды. «Жыл басының алғашқы күні – Ұлыс күні», «Наурыздың алғашқы желі – алтын күрек желі», «Жыл басының алғашқы төлі – дүбір аяқ», «Жыл басының алғашқы сүті - уыз» екенін көпшілікке дәріптеді.

Айтулы шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев аудан жұртшылығын Ұлыстың Ұлы күнімен



жүздесті. Хел-жайларын сұрасып, мерекелік шара басталғанша еңбектеген баладан еңкейген көріге дейін Наурыз той мерекесіне ағыла келіп, көктемнің басты мерекесін ерекше қуанышпен қарсы алды.

Мерекені аудан өнерпаздары театрландырылған қойылымдармен қыздырып, жаңа жылдың басталғанын айшықтайтын, ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін көріністер көрсетіп, шараны өншілер өсем әнмен өрледі. Дәстүрлі рәсім Наурыз бабаның бата-сымен басталды. Ұлттық нақышта

құттықтап, наурыздың елге, әрбір отбасыға ырыс-берекесімен көлуіне тілектестігін білдіріп, бастарына амандық, бақ-береке тіледі. Бұл күн қазақ халқы үшін жаңа жылдың символы ғана емес, молшылық мерекесі екенін атап өтті.

Сонымен қатар үлкендерге арнайы тігілген ағаш үйлерде мекемелердің ұйымдастыруымен өзірленген ақ пен наурыз көже таратылды. Ал, саябақ алдындағы жәрмеңкеде аудан орталығындағы дүкені бар кәсіпкерлер көпшілікке қажетті тағамдар мен су-

сындар шығарды. «Нұрасыл» шаруа қожалығы сиыр етін 1800 теңгеден сатса, малдың жемі де жәрмеңке алаңынан табылды. «Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні» атты аудан орталығындағы Наурыз той ұлттық ойындармен ұласты.

«Білекті бірді, білімді мыңды жығады», - десекте ел ішінде қандай көсіппен, қандай саламен айналысса да арамызда білекті де, жүректі жігіттер жүргені дұрыс. Өйткені біз ақ

білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жаудан елін қорғаған елдің ұрпағымыз. Біз ойлағандай білекті жігіттер біздің арамызда бар екен. Оған сан мөрте куә болып келеміз. Оның жарқын көрінісіне ұлттық мерекеде тағы бір мөрте көз жеткіздік. Қол күрес сайысына тіркелген тізім бойынша күшіне мығым жігіттердің қарасы көп болды. Алайда қол күрестірудің айла, әдісін меңгергендер алға шықты. Қол күрес сайысында Ернар Тлепов үшінші орынға жайғаса, Жеткізген Омаров екінші орынды еншіледі. Ал, бірінші орын жас болса да қарсылас шыдатпаған Бекарыс Жолдығұловқа бұйырды.

Жанкүйерлері көп болған ұлттық ойынның тағы бір түрі қошқар көтеру сайысына қатысуға қызығушылық танытқандар көп болды. Сайыстың шарты бойынша екі минут уақыт берілді. Нәтижесінде Аманбек Қаныбекұлы үшінші орынға жайғаса, Берген Жөкешов иығына салған қошқарды өте мығым көтергенімен уақыттың аяқталуына байланысты екінші орынды місе тұтты. Көкке ілікпелі тұрса да қонын жоғалтпаған қошқарды 60 асырып көтерген Ырысбек Көптілеуов бірінші орынды ұтып алды. Сайысқа тігілген саулық Ырысбекке сыйға берілді.

Келесі кезекте автокөлік тарту сайысына күшіне сенген нағыз нар жігіттер қатысты. Белгіленген жерге

уақыт бойынша көлікті шапшаң сүйреген жігіттер көпшіліктің қызу қолдауына кенелді. Сайыстың қорытындысы бойынша Асыланбек Қосанов жеңімпаз атанды.

Орталық саябақ ішін дуылдатып жанкүйерлерін еріксіз ай-хойлатқан сайыстың тағы бір түрі арқан тартыс болды. Әр жылғылар біріріп, арқан тарту ауыз бірікпелі күш біріктіретін дода екенін дәлелдеп берді. Ауданның 1983 жылы туылған азаматтары үшінші орынды иеленсе, «Наурыз» командасы екінші орынды еншіледі. 1987 жылы туылған азаматтар бірінші орынды жеңіп алды.

Көпшіліктің қызу қолдауына ие болған ұлттық ойындардың бірі қазақ күресі Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп гимназиясында өтті. Боз кілемде бақтарын сынаған палуандар бірі-біріне есе жібермеуге тырысты. Әр қимылына мұқият, ширақ қимылдаған палуандарымыз қазақ күресінің әдістерін өп сөттен-ақ көрсете білді. Нәтижесінде Наурызбек Әленов үшінші орынды місе тұтса, Райымбек Кенжебаев екінші орынға жайғасты. Қазақ күресіне бала кезінен құштар болып, меңгерген Медет Құлмұқанов жеңімпаз атанды.

Р.С. Көптен бері құбылып тұрған ауа райы Ұлыстың ұлы күнінде жадырап шығып, көктемнің күміс шуағы Көкжар көгінен нұрын төгіп тұрды. Біздің аймақта әлі науат қардың бауыры сөгіле қоймағандықтан ат спортын өткізу өте қолайсыз болды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



ЖОЛДАУДАН КӨРІНІС ТАПҚАН ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫ

Ел аузында мынадай деген тәміл бар. Ескендүр Зұлқарнайынның тегеуріне шыдай алмаған ел еңіреп шегініп келе жатқанда Амур Дария Забур патша алдынан шығып тоқтатып, талда салбырап тұрған Құрқылтайдың ұясын көрсетіп: «Кішкентай құста қорғана біледі ж?не бұл құс ешқашанда балапанын жылғанға алдыртпайды, жұтта да осылай өмір сүреді, басқа құстар ауа көшкенде бұл құс ешқашан да өскен жерін тастап ұшып кетпейді, міне осы құстай қорғана білейік», - деп Келес өзенінің бойында Құрылтай құрып, Зұлқарнайынға қарсы елді көтерген екен дейді... Ия бұл аңыз ғой. Ал, көне Түркіде, одан қалды Орта Азия елдерінде мемлекеттік биліктің жоғары органы Құрылтай болды. Қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зұлматы уағында осыдан 296 жыл бұрын ордалы Ордабасы тауында қазақ хандары Ұлы Құрылтай құрып, үш жүздің басын біріктірген болатын. Бүгінгі, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының кезекті Жолдауында «Ұлттық Құрылтай» - қоғамдық диалогтың жаңа форматын құру ұсынысы айтылған кезде жоғарыдағы ойлар санамда қылаң берді. Геосаяси ахуалдар асқынған, саяси текетістердің пәрмені күшейген, жаһандық үдерістердің екпіні артқан құбылмалы мына заманда «дала демократиясына» негізделген бұл бастама Қасым-Жомарт Кемелұлының кемел ойының тағы бір туындысы ма дедім... Осылайша Қазақстанның ішкі тұрақтылығының келілі ретінде азаматтық қоғам институттарының белсенділігін арттыру және олармен сындарлы пікір алмасу, мемлекет пен қоғам арасында тиімді байланыс орнату, түптеп айтқанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің ізіне жалпы халықтық сипаттағы қоғамдық диалогтың біртұтас моделінің жаңа құрылымы құрылмқ. Келелі кеңесте қоғам өкілдерінің бастары құралып, ортаға «қамшы тастап» уағдалы сөз, пәтуалы пікір айтып, елдік дамудың кең ауқымы мәселелерін талқыға салмақ. Сөйтіп, мемлекеттің саналы, өрі сындарлы серіктестігіне жол ашылмақ. Президент сөз соңында бір мәселеге ерекше тоқталды. Ол былай делі: - Мен азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын!.. Логика!! Бұл жерде, бағыздай бөрі дұрыс болады деп ертеңге емексіту емес... Болашақтың баянды болуы бүгіннен басталатынын меңзеу!

Еркін ЖИЕНАЛИН,
«AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалы
төрағасының бірінші орынбасары.

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ТҮРҒЫНДАР ТІЛЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Жуырда Ойыл аудандық мәслихатының өлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты өлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы өтті.

Комиссия отырысына Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы Сәкен Займолдин, Қоғамдық кеңестің төрағасы Берік Бисекенов, аудан өкімінің орынбасары Саян Сүлейменов, бірқатар аудандық мекемелер басшылары қатысты. Күн тәртібінде үш мәселе қаралды.

Бірінші мәселе Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңын ауданда жүзеге асыру бойынша аудан өкімінің орынбасары Саян Сүлейменов баяндама жасап, жеке тұрғындардың малы көбеюіне байланысты жайылымдық жерлерде кеңейту жұмыстарына тоқталды. Бұл мәселе өсірес ауданның Ойыл, Берсиев, Көптоғай, Сарбие ауылдық округтерінде байқалады. Осы орайда аталған мәселе қоғамдық кеңесте қаралып, селого жақын жерде орналасқан шаруа қожалықтарға ескерту, түсінік жұмыстары жүргізілген. Шаруа қожалықтарға жақын жерден берілген жерлерді қайтарып алу үшін жергілікті билік жұмыстанып жатыр.

Ал, екінші мәселе бойынша аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының атқарған жұмыстары туралы аудандық сөулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушысы Жанұлан Тұмышев жан-

жақты ақпарат берді. Бұл сала бойынша Ойыл-Көптоғай көтерме жолы бойынша мәселе қозғалды. Себебі көптоғайлықтардың канадалық өдіспен жасалған жолдың сапасына кәңілдері толмайды. Оны төрт көзіміз түгел көріп отырмыз. Канадалық өдісте жасалған жолмен көктемде жүру мүмкін емес. Сондықтан бұл проблема Жанұлан Тұмышевтың айтуынша жолдың жөндеуден өткізген мердігерді сотқа беру арқылы сот тәртібімен шешіледі дейді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе ауданда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту барысындағы аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің атқарған жұмыстары аясында өрбіді. Айтулы сала бойынша аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушысы Ақмарал Есбатырова баяндама жасады. Бұл сала бойынша ауданда атқарылған жұмыстар жоқ емес. Әйтсе де кәсіпкерлік сапасын дамыту жұмыстарын өлі де жандандыра түсу керектігі айтылды. Комиссия отырысында хабарлама-шыларға депутаттар тарапынан тақырыптар бойынша сұрақтар қойылып тиісті жауаптар алынды және тұрақты комиссияның қаулылары қабылданды.

Сондай-ақ, аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин ауданның экономикасына тікелей қатысы бар мәселелерді шешілу жолдарын талқылап, бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

БІЗДІҢ ЖІГІТТЕР КӨРШІЛЕРДІҢ КУБОГЫН ЖЕҢІП АЛДЫ



Жуырда Атырау облысы, Қызылқоға ауданында белгілі кәсіпкер, спорт жанашыры Серік Сабытаевты еске алуға арналған волейболдан ерлер арасында өткен облыстық ашық турнир өтті. Ауылы аралас, малы қоралас көрші ауданда өткен айтулы турнирге ойылдық спортшылар да арнайылап барып, қатысты. Кезінде волейболдың отанына айналған Ойыл жастары алдыңғы буын ағаларының жолын жалғап, тұғырлы жеңістің ізін үзген емес. Талай-талай турнирлерде, тіпті бірегейі республика деңгейінде топ жарып жүр. Бұл жолы да 9 команда сынаға түскен Қызылқоғада өткен облыстық турнирде Ойыл командасы І орынға ие болды. Жарайсындар, жігіттер! Тұғырлы жеңістеріңіз көп болсын!

2022 ЖЫЛДЫҢ АҚПАНДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕР БАРЫСЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНАН ТҮСКЕН ҰСЫНЫСТАР МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ЖОСПАРЫ

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

№	Ұсыныстар/ескертүлер	Орындау мерзімі	Жауапты (Т.А.Ә. ММ басшысы, а.о. әкімі)	Бақылаушы (Т.А.Ә. аудан әкімі орынбасары)
1.	Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі Қаратал ауылында дене шынықтыру спорт залын салу	2022-2023ж.ж	А.Избасов Ж.Тумышев	С.Сүлейменов М.Айдарбаев
2.	Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылынан 50 орындық дәрігерлік амбулатория салу	2022-2023 ж.ж	С.Нұрбаев Е.Асылбаев	М.Айдарбаев
3.	Тайсойған, Аманкелді, Құмжарған ауылдық клубтарының орындықтарын ауыстыру	2022 жыл соңына дейін	Н.Атағалиев	М.Айдарбаев
4.	А.Дербісалин атындағы Саралжын қазақ орта мектебіне күрделі жөндеу жүргізу	2022 жыл соңына дейін	С.Меруенов	М.Айдарбаев
5.	Ойыл селосынан екі 8 – пөтерлік коммуналдық жалдамалы тұрғын үй салу	2022-2023 ж.ж	Ж.Тумышев	С.Сүлейменов
6.	Ойыл селосынан алты 1 – пөтерлік коммуналдық жалдамалы тұрғын үй салу	2022-2023 ж.ж	Ж.Тумышев	С.Сүлейменов
7.	Ойыл селосының Еркінов, Қлипанов, Ержанов, Тәуелсіздік, Амангелді, Құрманғазин көшелеріне орташа жөндеу жүргізу	2022 жыл соңына дейін	С.Даулетқалиев	С.Сүлейменов
8.	Қарасу (Көптоғай), Екпетал, Шұбарши, Шиқұдық, Ақкемер елді мекендерінен жасанды жамылғылы шағын спорт алаңдарын салу	2022 жыл соңына дейін	С.Даулетқалиев Е.Асылбаев	М.Тәжіғалиев М.Айдарбаев
9.	Қараой, Сарбие, Ақжар ауылдарында балалар ойын алаңын жасақтау	2022 жыл соңына дейін	А.Султанов Д.Бисебаев	Ы.Қосдаулетов С.Сүлейменов
10.	Көптоғай ауылының Достық, Тәуелсіздік, Астанаға 10-жыл, Қазақстан көшелеріне орташа жөндеу жүргізу	2022 жыл соңына дейін	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов
11.	Қарасу (Көптоғай), Шұбарши елді мекендеріне орталықтандырылған ауыз су жүйесін орнату	2022-2023 ж.ж	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов
12.	Көптоғай ауылына кіреберіс жолын жарықтандыру	2022 жыл соңына дейін	Е.Асылбаев	С.Сүлейменов
13.	Ойыл селосының Байғанин, Қойшығұлов, Молдағұлова, Тапалова, Алтынсарин, Ержанов көшелерін жарықтандыру	2022 жыл соңына дейін	С.Даулетқалиев	С.Сүлейменов
14.	Қайыңды дәрігерлік амбулаториясын жедел жәрдем автокөлігімен қамтамасыз ету	2022 жыл соңына дейін	С.Нұрбаев	М.Айдарбаев
15.	Сапақкөл орта мектебі жанындағы бұрынғы жылыту қазандығы ғимаратын спорт залға бейімдеп, жылыту жүйесін қалпына келтіру	2022 жыл соңына дейін	Д.Бисебаев	М.Айдарбаев
16.	Ақжар ауылынан воркаут алаңын жасақтау	2022 жыл соңына дейін	Ы.Қосдаулетов	С.Сүлейменов
17.	Ойыл ауылдық округі Екпетал, Жаңабаз елді мекендерін жарықтандыру	2022 жыл соңына дейін	С.Даулетқалиев	С.Сүлейменов

2022 ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ А.Қ. КАЗЫБАЕВТЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН (азаматтарды жеке қабылдауларымен) ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

«Кездесулер өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес Ойыл ауданының әкімі А.Қ. Казыбаев және ауылдық округ әкімдері тоқсан сайын аудан тұрғындарымен кездесулер (кездесулер аяқталған соң азаматтарды жеке қабылдаумен) келесісіден күндері өткізеді:

№ т/б	Әкімінің Т.А.Ә.	Лауазымы	Елді мекенінің атауы, орны	Кездесулерді өткізу күні
II тоқсан				
1.	Казыбаев А.К. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Көсембай ауылы, клуб ғимараты,Орталық көшесі, 10	06.04.2022 ж., сағ. 10.00
2.	Казыбаев А.К. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Ақжар ауылы, клуб ғимараты,Мектеп көшесі, 4	06.04.2022 ж., сағ. 15.00
3.	Казыбаев А.К. Султанов А.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараойа/о, Құбасай ауылы, мектеп ғимараты,Қызылқорған көшесі, 7	08.04.2022 ж., сағ. 11.00
4.	Казыбаев А.К. Султанов А.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараойа/о, Қараой ауылы, клуб ғимараты,Еңбеккерлер көшесі, 2	08.04.2022 ж., сағ. 15.00
5.	Казыбаев А.К. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбиеа/о, Қаракөл ауылы, мектеп ғимараты,Абай көшесі, 10	13.04.2022 ж., сағ. 11.00
6.	Казыбаев А.К. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбиеа/о, Сарбие ауылы, клуб ғимараты,Жастар көшесі, 13	13.04.2022 ж., сағ. 15.00
7.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Бестамақ ауылы, клуб ғимараты,Тайсойған көшесі, 6	15.04.2022 ж., сағ. 9.00
8.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Ақкемер ауылы, клуб ғимараты,Жеткіншек көшесі, 9	15.04.2022 ж., сағ. 11.00
9.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Кемер ауылы, клуб ғимараты,Бейбітшілік көшесі, 15	15.04.2022 ж., сағ. 14.00
10.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Қоңырат ауылы, фельдшерлік пункт ғимараты,Ойыл көшесі,1	15.04.2022 ж., сағ. 16.00
11.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Екпетал ауылы, мектеп ғимараты,Жасыл ел көшесі, 21	20.04.2022 ж., сағ. 10.00
12.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі ғимараты,Көкжар көшесі, 68	20.04.2022 ж., сағ. 15.00
13.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Қаракемер ауылы, клуб ғимараты,Ынтымақтастық көшесі, 1	22.04.2022 ж., сағ. 10.00
14.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Ақшатау ауылы, мектеп ғимараты,Ақжол көшесі, 1	22.04.2022 ж., сағ. 14.00
15.	Казыбаев А.К. Избасов А.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиева/о, Құмжарған ауылы, клуб ғимараты,Бекет ата көшесі, 23	27.04.2022 ж., сағ. 10.00
16.	Казыбаев А.К. Избасов А.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиева/о,Қаратал ауылы, клуб ғимараты, Берсиев көшесі,35	27.04.2022 ж., сағ. 15.00
17.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Аманкелді ауылы, клуб ғимараты,Астана көшесі, 19	29.04.2022 ж., сағ. 10.00
18.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Көптоғай ауылы, клуб ғимараты,Қазақстан көшесі, 18	29.04.2022 ж., сағ. 14.00
19.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Шұбарши ауылы, клуб ғимараты,Желтоқсан көшесі, 19	29.04.2022 ж., сағ. 16.00
20.	Казыбаев А.К. Избасов А.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Қарасу ауылы, мектеп ғимараты, Ахмет Жұбанов көшесі, 5	04.05.2022 ж., сағ. 10.00
21.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Шиқұдық ауылы, клуб ғимараты,Мектеп көшесі, 18	05.05.2022 ж., сағ. 10.00
22.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Қарасу ауылы, клуб ғимараты,Алашорда көшесі, 7	05.05.2022 ж., сағ. 15.00
III тоқсан				
23.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Екпетал ауылы, мектеп ғимараты,Жасыл ел көшесі, 21	13.07.2022 ж., сағ. 10.00
24.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі ғимараты,Көкжар көшесі, 68	13.07.2022 ж., сағ. 15.00
25.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Қаракемер ауылы, клуб ғимараты,Ынтымақтастық көшесі, 1	15.07.2022 ж., сағ. 10.00
26.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Ақшатау ауылы, мектеп ғимараты,Ақжол көшесі, 1	15.07.2022 ж., сағ. 14.00
27.	Казыбаев А.К. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбиеа/о, Қаракөл ауылы, мектеп ғимараты,Абай көшесі, 10	20.07.2022 ж., сағ. 10.00
28.	Казыбаев А.К. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбиеа/о, Сарбие ауылы, клуб ғимараты,Жастар көшесі, 13	20.07.2022 ж., сағ. 15.00
29.	Казыбаев А.К. Султанов А.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараойа/о, Құбасай ауылы, мектеп ғимараты,Қызылқорған көшесі, 7	22.07.2022 ж., сағ. 10.00
30.	Казыбаев А.К. Султанов А.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараойа/о, Қараой ауылы, клуб ғимараты, Еңбеккерлер көшесі, 2	22.07.2022 ж., сағ. 15.00
31.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Бестамақ ауылы, клуб ғимараты,Тайсойған көшесі, 6	27.07.2022 ж., сағ. 10.00

32.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Ақкемер ауылы, клуб ғимараты,Жеткіншек көшесі, 9	27.07.2022 ж., сағ. 15.00
33.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Кемер ауылы, клуб ғимараты,Бейбітшілік көшесі, 15	29.07.2022 ж., сағ. 10.00
34.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Шиқұдық ауылы, клуб ғимараты,Мектеп көшесі, 18	29.07.2022 ж., сағ. 15.00
35.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Қоңырат ауылы, фельдшерлік пункт ғимараты,Ойыл көшесі, 1	03.08.2022 ж., сағ. 09.00
36.	Казыбаев А.К. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Көсембай ауылы, клуб ғимараты,Орталық көшесі, 10	03.08.2022 ж., сағ. 11.00
37.	Казыбаев А.К. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Ақжар ауылы, клуб ғимараты,Мектеп көшесі, 4	03.08.2022 ж., сағ. 15.00
38.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Аманкелді ауылы, клуб ғимараты,Астана көшесі, 19	05.08.2022 ж., сағ. 10.00
39.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Қарасу ауылы, клуб ғимараты,Алашордакөшесі, 7	05.08.2022 ж., сағ. 15.00
40.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Көптоғай ауылы, клуб ғимараты,Қазақстан көшесі, 18	10.08.2022 ж., сағ. 10.00
41.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Шұбарши ауылы, клуб ғимараты,Желтоқсан көшесі, 19	10.08.2022 ж., сағ. 15.00
42.	Казыбаев А.К. Избасов А.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиева/о, Құмжарған ауылы, клуб ғимараты,Бекет ата көшесі, 23	12.08.2022 ж., сағ. 10.00
43.	Казыбаев А.К. Избасов А.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиева/о,Қаратал ауылы, клуб ғимараты, Берсиев көшесі,35	12.08.2022 ж., сағ. 15.00
44.	Казыбаев А.К. Избасов А.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Қарасу ауылы, мектеп ғимараты, Ахмет Жұбанов көшесі, 5	17.08.2022 ж., сағ. 10.00
IV тоқсан				
45.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Екпетал ауылы, мектеп ғимараты,Жасыл ел көшесі, 21	05.10.2022 ж., сағ. 10.00
46.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі ғимараты,Көкжар көшесі, 68	05.10.2022 ж., сағ. 15.00
47.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Қаракемер ауылы, клуб ғимараты,Ынтымақтастық көшесі, 1	07.10.2022 ж., сағ. 10.00
48.	Казыбаев А.К. Даулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыла/о, Ақшатау ауылы, мектеп ғимараты,Ақжол көшесі, 1	07.10.2022 ж., сағ. 15.00
49.	Казыбаев А.К. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбиеа/о, Қаракөл ауылы, мектеп ғимараты,Абай көшесі, 10	12.10.2022 ж., сағ. 10.00
50.	Казыбаев А.К. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбиеа/о, Сарбие ауылы, клуб ғимараты,Жастар көшесі, 13	12.10.2022 ж., сағ. 15.00
51.	Казыбаев А.К. Султанов А.А	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараойа/о, Құбасай ауылы, мектеп ғимараты,Қызылқорған көшесі, 7	14.10.2022 ж., сағ. 10.00
52.	Казыбаев А.К. Султанов А.А.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараойа/о, Қараой ауылы, клуб ғимараты, Еңбеккерлер көшесі, 2	14.10.2022 ж., сағ. 15.00
53.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Бестамақ ауылы, клуб ғимараты,Тайсойған көшесі, 6	19.10.2022 ж., сағ. 10.00
54.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Ақкемер ауылы, клуб ғимараты,Жеткіншек көшесі, 9	19.10.2022 ж., сағ. 15.00
55.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Кемер ауылы, клуб ғимараты,Бейбітшілік көшесі, 15	21.10.2022 ж., сағ. 10.00
56.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Шиқұдық ауылы, клуб ғимараты,Мектеп көшесі, 18	21.10.2022 ж., сағ. 15.00
57.	Казыбаев А.К. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Қоңырат ауылы, фельдшерлік пункт ғимараты,Ойыл көшесі, 1	26.10.2022 ж., сағ. 09.00
58.	Казыбаев А.К. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Көсембай ауылы, клуб ғимараты,Орталық көшесі, 10	26.10.2022 ж., сағ. 11.00
59.	Казыбаев А.К. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Ақжар ауылы, клуб ғимараты,Мектеп көшесі, 4	26.10.2022 ж., сағ. 15.00
60.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Аманкелді ауылы, клуб ғимараты,Астана көшесі, 19	28.10.2022 ж., сағ. 10.00
61.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Қарасу ауылы, клуб ғимараты,Алашордакөшесі, 7	28.10.2022 ж., сағ. 15.00
62.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Көптоғай ауылы, клуб ғимараты,Қазақстан көшесі, 18	02.11.2022 ж., сағ. 10.00
63.	Казыбаев А.К. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Шұбарши ауылы, клуб ғимараты,Желтоқсан көшесі, 19	02.11.2022 ж., сағ. 15.00
64.	Казыбаев А.К. Избасов А.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиева/о, Құмжарған ауылы, клуб ғимараты,Бекет ата көшесі, 23	04.11.2022 ж., сағ. 10.00
65.	Казыбаев А.К. Избасов А.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиева/о,Қаратал ауылы, клуб ғимараты, Берсиев көшесі,35	04.11.2022 ж., сағ. 15.00
66.	Казыбаев А.К. Избасов А.Ж.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Қарасу ауылы, мектеп ғимараты, Ахмет Жұбанов көшесі, 5	09.11.2022 ж., сағ. 10.00

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБІ -

ҚОҒАМ АЙНАСЫ

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН АДАМДАРДЫҢ АДАЛДЫҒЫ ЖӘНЕ ӘДІЛДІГІ, ӨЗ ЖҰМЫСЫНА ДЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, ҚОҒАМ МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНІМІН ТУҒЫЗУЫ – ӘРБІР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МІНДЕТІ. ДЕМЕК, АДАМДАР АРАСЫНДА ОСЫ ҚЫЗМЕТШІ ТУРАЛЫ ДҰРЫС ПІКІР, ОҢ КӨЗҚАРАС, ОҒАН ДЕГЕН АЙҚЫН СЕНІМДІЛІК ҚАЛЫПТАСУЫ ҚАЖЕТ. МҮНДАЙ СЕНІМ МЕН ҚҰРМЕТКЕ ЖЕТУ ОҢАЙ ЕМЕС. БҰЛ ҮШІН БІР ҒАНА КӘСІБИ БІЛІМДІЛІК ПЕН БІЛГІРЛІК ЖЕТКІЛІКСІЗ, ОДАН БАСҚА ҚЫЗ-МЕТШІНІҢ ЖЕКЕ МІНЕЗҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ БАР. Яғни, ҚЫЗМЕТШІНІҢ КӘСІБИЛІК ДЕҢГЕЙІ МЕН ЖОҒАРЫ МОРАЛЬДЫ ҚАДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ ҚАТАР ТУРУ КЕРЕК.

СОНДЫҚТАН, БҮГІНГІ КҮНІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБІ МЕН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ҮЛКЕН МӘН БЕРІЛУДЕ. КӘСІБИЛІК ПЕН ӘДІЛТІЛІК ҚОСЫЛЫП, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ТҮТАС ИМИДЖІН КӨРСЕТЕДІ. ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН АДАМДАРДЫҢ АДАЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ ӘДІЛДІГІНЕ ҚОҒАМ МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНІМІН ТУҒЫЗУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

ОСЫ ТҰРҒЫДА ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ, ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ ҮКІЛІ, ТЛЕПОВ ЕРБОЛ МЫРЗАБАЙҰЛЫМЕН СҰХБАТ-ТАСҚАН ЕДІК.



- *Ербол Мырзабайұлы, алдымен бүгінгі күні негізгі қызметіңіз бен қоса атқарып отырған жұмысыңызға тоқталып өтсеңіз?*

- Әрине аудан әкімі аппаратының басшысы ретінде менің негізгі функ-ионалдық міндеттерім ҚР Мемлекеттік заңнамаларына сәйкес нақты айқын-далғанын айтықм келеді. Ал Әдеп жөніндегі Үкiлi қызметiндегi мiндет-терiм Қазақстан Республикасы Прези-дентiнiң 2015 жылғы 29 желтоқсан-дағы №153 Жарлығымен бекiтiлген Әдеп жөнiндегi үкiл туралы Ереже-сiне сәйкес жүзеге асырылады. Әдеп жөнiндегi үкiл – қызметтiк әдеп нормаларының сақталуын жөнe мем-лекеттiк қызмет, сыбайлас жемқор-лыққа қарсы iс-қимыл туралы заң-нама мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттiк қызметшiлерiнiң әдеп кодексiн бұзушылықтардың алдын алу мен оның профилактикасын қам-тамасыз етудi жүзеге асырады жөнe өз функциялары шегiнде мемлекеттiк қызметшiлер мен азаматтарға кеңес беретiнi көзделген.

- *Ербол Мырзабайұлы, жақында Президент Жарлығымен мемлекет-тік қызметшiлердiң Әдеп кодексi жаңа редакцияда қабылданды. Әдеп кодексiне өзгерiс енгiзуге не себеп болды, - деп ойлайсыз?*

Мемлекеттiк қызметшiлердiң тәртіп-тік жауапкершiлiгi жөнe қызметтiк әдеп мәселелерi жөнiндегi заңнаманы жетiлдiру мақсатында Қазақстан Республикасы Президенттiң 2022

жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлы-ғымен*(әрi қарай – Жарлық)* Мемле-кеттiк қызметшiлерiнiң **Әдеп кодек-сiнiң жаңа редакциясы** бекiтiлдi.

Күнделiктi өмiрдегi болып жатырған жекелеген факторлар меңқоғамдағы орын алып отырған өзгерiстер мемле-кеттiк басқару жүйесiн де жаңаша ұйымдастыру қажет екендiгiн ұғын-дырып отыр.

Әздерiңiзге мәлiм, Мемлекет бас-шысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымда-ғы жылдың қаңтар айында Парламент Мәжiлiсiнiң отырысында жөнe кейiн-нен сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-қимыл мәселелерi жөнiндегi жиында сөйлеген сөзiнде мемлекеттiк аппа-раттың жұмысына жаңаша көзқарас қажет екенiн жөнe мемлекеттiк қызмет жүйесi iс жүзiнде сервистiк сипат алып, қызмет алушыға бағдарлануы үшiн түбегейлi өзгерiстi талап ететiнiн атап өткен болатын.

Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолындағы басты фактор бұл - Мем-лекеттiк басқаруды жаңаша ұйым-дастыру, осыған байланысты қоғам-ның мемлекеттiк органдарға деген сенiм деңгейiн арттырып, халықпен керi байланысты жақсарту бағытында бүгiнгi таңда жүйелi жұмыстар атқа-рылуыда.

Бiзге, адамға бағдарланған мемле-кеттiк басқарудың жаңа моделiн қалыптастыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Әдеп кодексi қызметтiк әдеп нормаларын дұрыс түсiнуде жөнe қолдануда ерекше маңызға ие. Мемлекеттiк қызмет шiлерiнде қалып-тасып отырған бiрқатар сын-тегеурiн-дердi шешу мақсатында Кодекcимiздiң жаңа редакциясы қабылданды деп ойлаймын.

- *Кодексiңiң жаңа редакциясында мемлекеттiк қызметшiлерге қойы-латын талаптарға қатысты қандай өзгерiстер бар?*

- Жаңа Әдеп кодексi қызметтiк әдеп стандарттарын белгiледi жөнe мем-лекеттiк қызметшiлердiң моральдық - адамгершiлiк қасиеттерiн қалыптаc-тыруға негiз болады.

Кодексiңiң жаңа редакциясында «қызмет алушыға бағдарланған» мемлекеттiк аппараты қалыптастыру жөнe мемлекеттiк қызметтердi көр-

сетуде ашықтық қағидаттарын сақтау бойынша басым талаптар қарас-тырылған.

Сонымен қатар, жаңа редакцияда Кодексiстiң құрылымы өзгертiлiп, «Мем-лекеттiк қызметтiң әдептiк қағида-тары» деп аталатын тарау енгiзiлiп отыр. Осыған сәйкес, мемлекеттiк қызметшiлердiң қызметтiк әдебi алты қағидатқа негiзделген. Олар – адал ниеттiлiк, адалдық, әдiлдiк, ашықтық, сыпайылық жөнe клиентке бағдарла-нушылық. Айта кету керек, мемлекет-тiк қызметшiлерге мұндай талаптар бұрынғы кодекcте де қойылған. Бiрақ, байқасаңыз, Кодексiңiң жаңа редак-циясында ашықтық жөнe клиентке бағдарлану қағидаттарын сақтау талаптарына басымдылық берiлген. Соған сәйкес мемлекеттiк қызметшi-лер мемлекеттiк қызметтiң негiзгi тұтынушысы саналатын халықтың талабына барынша iкeмдi, жұртшы-лықпен жұмыс iстеуге дайын болуы жөнe өз жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуi тиiс. Жалпы алғанда, негiзгi өзгерiстер осы бағыттарда бо-лып отыр. Жалпы алғанда Кодекcке енгiзiлген түзетулер сервистiк, ашық жөнe халық үшiн қолжетiмдi мемле-кеттiк аппараттың қалыптасуына ықпал етедi деп күтiлуде.

- *Қысқаша айтып өтсеңіз, жаңа Әдеп кодексiнде не өзгердi?*

- Егер бұрынғы Әдеп кодексiнде мемлекеттiк қызметшiлерге қойыла-тын моральдық-адамгершiлiк талап-тар мен олардың мiнез-құлқының негiзгi қағидаттары бiрге қаралып келген болса, жаңа редакцияда бұл олқылықтар жойылып, мемлекеттiк қызметшiге қойылатын әдеп талап-тары мемлекеттiк қызметшiнiң қыз-меттiк әдебiне қатысы жоқ ереже-лерден бөлек, өз алдына жеке қарас-тырылып отыр. Жаңа Әдеп кодексi ең алдымен қызметтiк әдеп стандар-тарын белгiлеуге бағытталған жөнe мемлекеттiк қызметшiлердiң бойында моральдық-адамгершiлiк қасиеттердi орнықтырудың негiзi болып табы-лады. Мұнымен қатар, жаңа Кодекcте Агeнттiк пен оның аумақтық орган-дары, қызметтiк әдептi бұзудың профилактикасын үйлестiрушi орган-дар ретiнде айқындалып отыр. Осы-ған байланысты, алдағы уақытта Әдеп жөнiндегi үкiлдердiң, Комиссиялар мен кеңестердiң әдеп бұзушылықтар-ды ескерту жөнe алдын алу бойынша жұмыстары жандандырылатын бола-ды.

- *Әр ұжымда түрлi мiнез-құлықты адамдар болады. Осы бағытта ұжымды қалыпты жағдайда ұстау үшiн қандай шаралар қолданаcыз?*

- «Ұлтына, жұртына қызмет ету – бiлiмнен емес, мiнездeн» - дейдi Алаш арысы Әлихан Бөкейхан. Қалай бол-ғанда да, мемлекеттiк қызметшi бекiтiлген әдеп нормаларын қатаң сақтау-ға қалыптасуы шарт, сонымен қатар өзiн-өзi үйретуi, өзгеден үйренуi жөнe өзгенi үйретуi керек. Осы ретте, ұжым арасындағы моральдық-психология-лық ауалдың жай-күйiн мониторинг-

теу мақсатында жүргiзiлетiн анонимдi сауалнаманың пайдасы бар. Бiзде осы сауалнаманы басшылыққа ала отырып, Әдеп үкiлiнiң бекiтiлген жұ-мыс жоспарындағы реттiлiгi бойынша жүргiзудемiз, соның қорытындысы бойынша қызметкерлердiң арасын-дағы, қызметкер мен басшылардың арасындағы қарым-қатынас, сенiм-дiлiк, әдеп нормаларын сақтау жағ-дайлары талқыланып, мекеме бас-шысына, қандай мәселелерге көбiрек көңiл аудару қажеттiгiне нақты кеңес-тер берiлiп отырады. Осындай көпшi-лік жасалатын жұмыс ұжым ара-сындағы өзара қызметтiк ынтымақтас-тықты нығайтуға, қарымқатынастың жоғары мәдениетiн қалыптастыруға жөнe ұжымды қызмет барысындағы ортақ мақсаттарға жұмылдыруға жол ашады деп ойлаймын.

- *Мемлекеттiк қызметшiнiң жұ-мыстан тыс уақыттағы мiнез-құлқы қандай болуы керек?*

- Мемлекеттiк қызметшi жан-жақты дамыған тұлға болуы тиiс, үнемі салауатты өмiр салтын ұстануы жөнe отбасы құндылықтарын насихаттауы қажет. Бұл ретте, бiзге адамның ар-намысына тiл тигiзу, заңнаманы бұзу, қоршаған адамдардың тәртiбi мен қауiпсiздiгiне қол сұғу сынды адам-гершiлiкке жатайтын қылықтарға жол бермеу керек. Әрқайсымыз жұмыстан тыс уақытта бiз өз iс-әрекетiмiз бен мiнез-құлығымызға жауапты екенiмiздi, ал, кез келген жағдайда әдеп қағи-даттарын сақтау қажеттiгiн мемлекет-тiк қызметке деген жоғары сенiмiнiң негiзi болып табылатындығын есте сақтауымыз қажет. Жұмыстан тыс уақытта мемлекеттiк қызметшiге беделiн түсiретiн жөнe қоғам тарапы-нан сын мен айыптау тудыратын жағдаяттардан қашқақтау қажет.

Сондай-ақ, мемлекеттiк қызметшi әлеуметтiк желiнi қолданған кезде интернет желiсiнiң басқа қолданушы-ларымен өңiмелесуде бұйылуылық танытуы қажет, өз парақшасында құпия немесе қажық ақпаратты жарияламауы, қазiргi конституциялық құрылымды өзгертуге, сепаратизмге немесе егемендiктiң бас тартуға шақыратын қолданушыларды достар тiзiмiне қабылдамауы керек.

- *Мемлекеттiк қызметшi қызмет-тiк өкiлеттiлiктердi орындау бары-сында қандай болуы керек жөнe Әдеп жөнiндегi үкiлдiң мемлекеттiк қыз-метшiлер туралы халықпен байла-нысы қалай?*

- Мемлекеттiк қызметшi үнемі өзiне мынадай сұрақтарды қоюы керек: Мен өз өрiптестерiме жөнe азаматтарға әдiлеттi өрi адал қарым-қатынас жасаймын ба? Мен әдептiк құқық бұзушылықтарға төзбесушiлiк жөнe парасаттылық қағидаттарын қанша-лықты сақтаймын? Мен қоғамның биiк сенiмiн ақтау үшiн қандай болуым керек? Мемлекеттiк қызметшi азамат-тардың мүдделерiн берiнiн жоғары қоюы керек жөнe жүктелген мiндет-темелердi адал орындауды өз мiндетi деп санауы тиiс.

ИНФЕКЦИЯЛЫҚ РЕНОТРОХИТ

Инфекциялық ренотрохит - қызба, жоғарғы тыныс жолдары, көздің, жы-ныс мүшелерінің кілегей қабақтары-ның қабынуы жөне орталық жүйке жүйесінің қызметінің бұзылуымен сипатталатын аса жұмытгал вирус тудырған ауруы. Жасы мен жынысына қарамастан, барлық ірі қара мал бейім. Бордақылаудағы мал жиі шал-дығады. Ауру қоздырушы тікелей жа-нақсанда жөне ауа арқылы беріледі.

Алғашқыда мөлшерден тыс аққан кілегейлі сілекейі кейіннен іріңді сұйыққа айналады. Танау, жұтқышақ кілегей қабақтары қызарады, ісініп, ауру мал аузын ашып дем алады, демікпе байқалады. Бұзауларда ас қорыту жүйесінің жиырылу қабілеті нашарлап, тышқақ тиеді. Буаз сиыр-лар мен қашарларда ш тастау буаз-дығының 6-8 айларында байқалады. Жыныс мүшелерінің қабынуы жара-лардың болуымен сипатталады. Инфекциялық ренотрохиттің ал-дын алу үші тір немесе инактивиз-ацияланған вакциналар қолданылады. Ауру малды гиперимунды қан сарысуымен емдейді. Сонымен бірге, аурудың сыртқы белгілеріне қарай антибиотиктермен ем жүргізіледі.

Инфекциялық ренотрохит ауруына ұқсас аусыл жөне қызыл ікес (стома-тит) ауруы. Бұл аурулар ұқсас болған-дықтан тек зертханалық тексеру арқылы ажыратады.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау жөне қадағалау комитетінің
Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

БЖЗҚ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ҮШІН ЖАҢА ОПЦИЯНЫ ЕНГІЗДІ

Зейнетақы қызметтерін ұсынуды жақсарту мақсатында БЖЗҚ «Заңды тұлғаның кабинеті» деген жаңа жоба-ны іске қосты, бұл жоба жұмыс беру-шіге қызметкерлердің зейнетақы аударымдарын оңай өрі жеңіл ауда-руға мүмкіндік береді.

Бұл сервис салық агенттері болып табылатын жұмыс берушілерге арнал-ған, олардың міндеттеріне қызмет-керлердің зейнетақы жарналарын аудару кіреді жөне сервис міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жөне ерікті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша төлем тапсырмаларын құру-ға, редакциялауға жөне баспаға жі-беруге мүмкіндік береді.

Аталған сервистің аясында редак-циялау (қызметкерлерді алып тастау жөне қосу) мүмкіндігімен бірге қорға төлемдері жіберілуі тиіс қызметкер-лердің тізімін көруге болады. Бұдан бөлек, сервис төлемдер тарихынан бұрын құрылған төлем тапсырмалары бойынша барлық деректерді көруге мүмкіндік береді.

Заңды тұлғаның кабинетіне кіру рұқ-саты қол қоюға құқығы бар заңды тұл-ғаның бірінші басшысына немесе заң-

«БЖЗҚ» АҚ Баспасөз орталығы

ЕНПФ ВВЕЛ НОВУЮ ОПЦИЮ ДЛЯ РАБОТОДАТЕЛЕЙ

В целях улучшения предоставления пенсионных услуг ЕНПФ запустил но-вый проект «Кабинет юридического лица», который позволит облегчить и упростить работодателю перевод пенсионных отчислений сотрудников.

Данный сервис предназначен для работодателя, являющегося налого-выми агентами, в обязанности кото-рых входит перечисление пенсионных взносов работников и позволяет формировать, редактировать и отпра-влять на печать платежные поручения по оплате обязательных пенсионных взносов, обязательных профессио-нальных пенсионных взносов и доб-ровольных пенсионных взносов.

В рамках данного сервиса можно увидеть список работников, по кото-рым необходимо направить платежи в ЕНПФ, с возможностью редактиро-вания (удаления и добавления работ-ников). Кроме того, сервис позволяет просмотреть в истории платежей все данные по ранее сформированным платежным поручениям.

Доступ к кабинету юридического лица предоставлен первому руково-дителю, имеющему право подписи

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ойыл аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі жөне автомобиль жолдары бөлімі» ММ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2022 жылғы 28 сәуірде сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Келтоғай а. о., Шұбарши а. о., Желтоқсан к. 19 (ауылдық клуб) мекен-жайы бойынша) «Шұбарши ауылынан Атырау облысының шекарасына дейін (0-17,5 км) аудандық маңызы бар IV санаттағы жаңа автомобиль жолын салу» жұмыс жобасына «ықтимал есерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өтеді.

Жобалық құжаттама пәкіетімен бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ ЖАО-ның төменде көрсетілген сайтында танысуға болады: <http://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Барлық ескертулер жөне/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ expert_oos@mail.ru.

Төтенше жағдай жөне (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи жөне техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда жөне ЖАО сайтында ұсынылады <https://www.gov.kz/memleket/entities>.

Қосымша ақпаратты Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі, 43 мекенжайынан жөне 87012987563, 87012555135 телефондары бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Уилский районный отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 часов 00 мин. 28 апреля 2022 года по адресу Актюбинская область, Уилский район, Коптогайский с.о., с.Шубарши, ул.Желтоқсан 19 (Сельский клуб) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» к Рабочему проекту «Строительству новой автомобильной дороги IV - категории районного значения с села Шубарши - до границы Атырауской области (0-17,5 км)».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО «<http://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также expert_oos@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities>.

Дополнительную информацию можно получить по адресу Актюбинская область, Уилский район, с.Уил, Курмангазина, 43. и по телефонам 87012987563, 87012555135.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы жөне кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының мейірібікесі Абдрахманова Даригаға жолдасы
Әділбектің
мезігілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, кеңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1645 таба. Тапсырыс №352
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар жөне Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
жөне Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ - ЖАҢАША СИПАТТА

БИЫЛҒЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҮШІН ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ТОЛЫ БОЛДЫ. БҒҒАН ДЕЙІН ТЕК 21-23 НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА АЛАНДАРҒА КИІЗ ҮЙ ТІГІЛІП, САЛТ-ДӘСТҮРДІҢ БЕЛГІЛІ БІР ТОБЫН ҒАНА ДӨРІПТЕУМЕН ӨТКІЗІП КЕЛДІК. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ 10 КҮН ТОЙЛАУ ҮРДІСІ ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ.

САМАРҚАННЫҢ КӨК ТАСЫ ЕРІП, ТІРШЛІК АТАУЛЫҒА ЖЫЛУЛЫҚ ӨКЕЛЕТІН ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ МЕРЕКЕСІ АУДАНЫМЫЗДА ЖАҢАША СИПАТТА ТОЙЛАНДЫ. ДЕСЕ ДЕ, АУДАНЫМЫЗҒА КЕШ КЕЛГЕН КӨКТЕМ МЕЗГІЛІ БҰЛ ИПЛІКТІ ШАРАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА КЕДЕРГІ БОЛМАДЫ. НЕГІЗГІ НЕСІБЕСІН МАЛ МЕН ЖЕРДЕН АЛАТЫН АУДАН ҮШІН БҰЛ МЕРЕКЕНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК.



16 наурыз - «Жайлау» күні. Наурыз мерекесіне арналған 10 күндік аясында 16 наурыз «Жайлау күні» аудандық барлық ауылдық округтерінде кештер ұйымдастырылып, өн мен күйден шашу шашылса, аудандық мәдениет үйінде «Наурыз - жаңғыру нышаны» мәдени-көпшілік шарасы ұйымдастырылып, аудан өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасы өтті. Сонымен қатар, «Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі» ММ-сінің ұйымдастыруымен «Жайлау» күніне ауа-райының қолайсыздығына қарамастан аудан кәсіпкерлері, шаруа қожалықтары белсенділік танытып, наурыз көже, ыстық шай, бауырсақтарын халыққа таратты. Ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесі ұйымдастырылып қой еті, қаз еті, сүт өнімдері құрт, құртмай, айран, қаймақ, сүзбе, тары-талқан, тұздалған көкөністер мен тосаптар сатылды.

17 наурыз - «Сарқыт» күні. Сарқыт - дәстүрлі қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан салттарының бірі. «Сарқыт» бауырсақ тарату акциясын Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Аудан тұрғындарына, базарлар мен дүкендерге, сондай-ақ көшемізді қардан тазартып, адамдар мен көлік құралдарының қозғалысын жеңілдеткен коммуналдық қызметкер-

лерге бауырсақ тарату акциясы болды. Орталық басшысы және мамандары ыстық бауырсақтарын аудан тұрғындарына таратып, халықтың ыстық ықыласына бөленді. Бұл акция бірінші жыл емес, жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп отырады.

Сондай-ақ «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы жанындағы «Әйел бақыты» жас келіндер клубының «Атадан қалған адал ас» атты онлайн жобасына сәйкес қазақ халқының ұлттық сорпа тағамы салманы әзірлеуді түсіндірді. Толық нұсқасын «Ойыл Мәдениеті» ютуб каналынан тамашалай аласыздар.

18 наурыз - «Игі істер» күні. Наурыз мейірімділік пен қайырымдылық мерекесі. «Наурыз мейірімі» жалпыұлттық акциясы аясында волонтерлік, қайырымдылық және еріктілер ұйымдары арқылы түрлі қайырымдылық іс-шаралар өтті. Акция кезінде көп балалы отбасылар, жалғыз басты, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетіліп, аудандағы барлық мекемелер ат салысты.

19 наурыз - «Ұлттық спорт» күні. Сонымен қатар, 19 наурыз ұлттық спорт күніне орай Ш.Берсиев атындағы өнер елке тарихы музейінің «Жас археолог» үйірмесінің оқушылары арасында ұлттық ойын «Лөңгі

тебу» ойыны ойнатылды. Оқушыларға лөңгі жасау және тебу ережесі туралы мағлұмат берілді.

20 наурыз - «Шаттық» күні. Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Айтайық жарапазан елімізге» атты аудан жастары шеруге шықты. Шара жарапазанмен басталып, «Наурыз - думан» атты әсем өнмен аяқталды.

21 наурыз - «Шеберлер» күні. Ұлттық қолөнер шеберлері бұйымдарының негізінде аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен «Шеберлер күніне» арналған шеру өткізді. Іс шараның арнайы қонақтары аудандық «оқушылар үйінің» ұжымы қатыстырылды. Кеш барысында шеберлер өздерінің қызығушылықтары, алға қойған мақсаттары жайында айта келе, ұлттық қолөнер ерекшеліктерін, оның түрлері мен қолөнерге қосқан өзіндік үлестері туралы өңгімеледі. Сондай-ақ шеберлер өздерінің жасаған бұйымдарын көрсетіп, ши тоқу, ұлттық сәндік - қолданбалы өнердің жасалу жолдарымен таныстырды.

Р.С. Ауданымызда өткізілген барлық іс-шараларға ауылдық округтер де үн қосты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА» ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚАДАМ БАСАМЫЗ!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ЗАМАН АҒЫСЫМЕН БІРГЕ ӨСІП-ӨРКЕНДЕП, МОЛ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ПАЙДА БОЛҒАН ЖЕРЛЕРГЕ ТАМЫРЫН ЖАЙЫП, БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖОЙЫЛМАЙ ОТЫРҒАН КЕСЕЛДІҢ БІРІ. БҰЛ КЕСЕЛ ДАМУШЫ ЕЛДЕРДЕГІДЕЙ БІЗДІҢ ЖАС МЕМЛЕКЕТІМІЗГЕ ДЕ ОРАСАН ЗОР НҰҚСАН КЕЛТІРІП ОТЫР.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер өр салада жүзеге асырылуда. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

2021 жылғы 10 қарашадағы штат кестесіне сәйкес бөлімнің штаттық саны - 8 қызметкер, оның ішінде жетеуі мемлекеттік қызметкер және бір техникалық персоналды құрайды. Бөлім басшысы А. Ербазиевтың басқа қызметке ауысуына байланысты, қазіргі таңда бөлім басшысының орны вакансия болып тұр. Бөлімде қызметкерлердің кәсіби шеберліктері үнемі жетілдіріліп отырады.

Өткен жылы аудан бойынша шаруашылық құрылымдарына асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту мақсатында субсидиялаудың тоғыз бағыты бойынша 531,4 млн. теңге субсидия төленген, сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу мақсатында субсидия алу үшін көрсетілетін қызметтердің барлығы электронды форматта көрсетіледі.

Ағымдағы жылы бөлім қызметкерлерімен 22 мемлекеттік қызметкер көрсетіліп, қызметтерді көрсету барысында қызмет алушылардан шағымдар болған жоқ.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абайоры мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі

МАЛ ҰРЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!

Тұрғындардың баптап-күткен төрт түлік малдарының бір мезгілде жоғалуы кімге болса да оңай тимесі анық. Сондықтан, қай уақытта да болмасын мал ұрлығын алдын-алу өзекті мәселелердің бірі. Дегенмен, кейбір тұрғындар өздерінің малдарын қараусыз жайылымға жіберіп, бұл өз кезегінде малдың кедергісіз ұрлануына немесе жоғалып кетуіне жағдай жасайды.

Жүргізілген талдауға сүйенсек, мал ұрлығын жасауға бірқатар себептердің ықпал ететіні байқалады.

- бірінші кезекте, малдың бағусыз жайылып, меншік иелерінің өрістерігі малдарының сақталуына немқұрайлы қарауы. Бақташылармен келісім-шарттық қатынастардың болмауы «еркін жайылуды» қалыптастырып, кедергісіз ұрлануына немесе жоғалуына ықпал етеді.

- екіншіден, малды ұстау орындары көп жағдайда жабу құралдарымен жабдықталмай, бұл қылмыскерлерге мал қорасына кедергісіз енуіне мүмкіндік береді.

- үшіншіден, мал иелерімен өздерінің төрт түлік малдарын таңбалау мен сырғалау уақытылы жүргізілмейді.

Тұрғындардың иелігіндегі мал ұрлығы туралы полицияға уақытында хабарламауы да қылмыстың жедел ашылуына кері әсер етеді. Сондай-ақ, бағусыз жүрген малдар түнгі уақытта жол бойына шығып, жол-көлік оқиғаларының орын алуына септігін тигізеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2021 жылы аудан бойынша мал-ды иесіз жіберу дерегіне қатысты 117 өкімшілік іс қозғалып, оның ішінде 80 тұлғаға ескерту берілсе, 37 тұлға айыппұл түріндегі өкімшілік жазаға тартылған.

Қазақстан Республикасының Қыл-мыстық кодексінің 188-1 бабына сай, мал ұрлығы бойынша ауыр жаза ретінде мүлкі төркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалануы мүмкін. Сондықтан, көктем мезгілі шыға жайылымға шығаратын малды қараусыз жібермей бақташыларға қосып, уақытылы ен-таңбаларын салдыртып, мал ұрлығын алдын-алуда немқұрайлық танытпайық.

Ойыл ауданының прокуратурасы

**Газетіміздің келесі саны,
29 наурыз, сейсенбі күні
жарыққа шығады.**

КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ

Өткен жылдың мамыр айынан бастап көп балалы отбасылар үшін жәрдемақы проактивті түрде тағайындалады. Қызмет іске қосылған сәттен бастап 16 мыңға жуық қазақстандық жәрдемақыны проактивті форматта алды.

Бұған дейін аталған жәрдемақыны ресімдеу үшін құжаттар жинап, ХҚО-ға жүгіну қажет болатын. Қазір ешқайда барудың қажеті жоқ. Клиент SMS арқылы келісімін берсе болғаны. Қажетті мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынады.

Көп балалы отбасыларға арналған жәрдемақы 2020 жылдың басынан бастап төленеді. Төлемді төрт жне одан да көп бала туған өйелдер ала алады.

Қазіргі уақытта бұл жәрдемақыны 487 мыңнан астам қазақстандық отбасы алады. Оның ішінде 63 437 әйел «Алтын алқа», 138 571 әйел «Күміс алқа» иегерлері.

Жәрдемақы туралы 1414 нөмірі бойынша біле аласыз.

ПОСОБИЕ ДЛЯ МНОГОДЕТНЫХ СЕМЕЙ

С мая прошлого года пособие для многодетных семей оформляется проактивно. С момента запуска услуги почти 16 тысяч казахстанок получили пособия для многодетных семей в проактивном формате.

Ранее, чтобы оформить данное пособие нужно было обращаться в ЦОН, собрав пакет документов. Сейчас идти в ЦОН не нужно. Все, что требуется – согласие клиента по SMS. Необходимые сведения подтягиваются из информационных систем госорганов.

Пособие для многодетных семей выплачивается с начала 2020 года. Выплату могут получить женщины, которые ждут четвертого и последующего ребенка.

В настоящее время пособие получают более 487 тысяч казахстанских семей. Из них 63 437 женщин являются обладательницами подвески «Алтын алқа», 138 571 – «Күміс алқа».

Подробнее о пособии можете узнать по номеру 1414.

Сәуле Хамидолла,

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
КЕ АҚ** Ақтөбе облысы бойынша филиалының
ресми өкілі.

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮЛГІАЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ 2022 ЖЫЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

Аудан көлеміндегі трактор өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиоративтік және жол құрылыс машиналарымен трактор тіркемелерін, астық жинайтын комбайндарды жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу әкі жөнінде, «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-портал (бұдан әрі – порталы) арқылы жүргізіледі.

1-кезең. Тракторлар, мелиорациялық, жол құрылыс машиналарын жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.

2-кезең. Өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары мен комбайндардың түрлерін, трактор тіркемелерін жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.

№ р/с	Ауылдық округтер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер атауы	1-кезең Өтетін күні	2-кезең Өтетін күні
1	Ш.Берсиев атындағы а/о	14 - 16.04	08 - 09.06
2	Келтоғай а/о	19 - 21.04	10 - 11.06
3	Қараой а/о	22 - 23.04	15 - 16.06
4	Сарбие а/о	27 - 29.04	17 - 18.06
5	Ойыл а/о	04 - 06.05	22 - 23.06
6	Саралжын а/о	11 - 13.05	24 - 25.06
7	Қайынды а/о	14 - 15.05	29 - 30.06
8	Аграрлық колледж	18.05	
9	Ойыл орман шаруашылығы	19.05	
10	Ойыл электр жүйесі бөлімшесі	20.05	
11	«Көкжар» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	21.05	

Ескерту: Ауылшаруашылығы машиналарына, тракторларға, астық жинайтын комбайндар мен трактор тіркемелеріне мемлекеттік техникалық байқау тұрған елді мекендерде өткізіледі.

Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі

ӘЛЕМДЕГІ ӘЗ-НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

ТАБИҒАТ-АНА БУСАНЫП, КҮЛЛІ ТІРШЛІК ӘЛЕМІ ҚАЙТА ТҮЛЕЙТІН ҚАСИЕТТІ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ҒАЛАМШАРДАҒЫ 300 МИЛЛИОННАН АСТАМ АДАМ ТОЙЛАЙДЫ. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ АДАМЗАТ АТАУЛЫНЫҢ ҚҰНДЫ МҰРАСЫ РЕТІНДЕ 2009 ЖЫЛДЫҢ 30 ҚЫРКҮЙЕГІНДЕ ЮНЕСКО-НЫҢ МӘДЕНИ МҰРАЛАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕНІ БЕЛГІЛІ. АЛ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ 2010 ЖЫЛЫ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮН РЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАДЫ. СОНДЫҚТАН ЖҮЛ САЙЫН ОСЫНАУ ҰЛЫ КҮНДІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ҒАНА ЕМЕС, ӘЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРІ ҮЛКЕН ҚҰАНЫШТЫН ҚАРСЫ АЛЫП, ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСПЕН МЕРЕКЕЛЕЙТІНІ ТЕГІН БОЛМАСА КЕРЕК.

Наурыз тек елімізде ғана емес, дүние жүзінде де әдеттегідей өзіндік сән-салтанатымен аталып өтеді. Бұған ғаламтотрада үздіксіз жарық көріп жатқан ақпараттар ағыны күйе. Ұлғы мейрам күндері өлемдік тұлғалар мен беделді ұйымдар сырт қалмай, өз-Наурызды мерекелеген тойшыл қауымды құттықтайтыны дәстүрге айналғалы қашан.

Наурыз – бүкілхалықтық мейрам. Ұлыс күнін жаңа жылдың бастауы ретінде 3 мың жылдан бері Балқан түбегі, Қара теңіз аймағы, Кавказ елдері, Орталық Азия және Таяу Шығыс өңірін мекен еткен миллиондаған адам тойлап келеді. Соның сыртында Қазақстанның өзге мемлекеттердегі елшіліктері де мерекенің абайорын асқақтатып, лайықты деңгейде атап өтуді үрдіске айналдырды. Мәселен, Мысыр астанасы Каирде Қазақстан елшілігінің ғимаратында Наурыз мерекесі тойланып, оған елшіліктен басқа, әл-Азһар университетінің ұжымы белсене атсалысқан. Мерекеге жергілікті жерде тұратын қазақтар белсене қатысып, мереке көрігін қыздырған.

Елшіліктің әлеуметтік желідегі парақшасындағы мәліметке сүйенсек, шараның ашылу салтанатында елші

А.Исағалиев жұртшылықты құттықтап, өз-Наурыздың қазақ халқы үшін мән-мағынасы терең екенін, елімізге отыз жылдан кейін оралған ұлық мерекені халқымыз жыл сайын тағатсыздана күтетінін жеткізген.

Каирдегі Наурызда сахналық қойылымдар көрсетіліп, жастар қазақша өн-күйлерді әуелетіп, тойдың сөнін көлтірген. Сондай-ақ ұлттық ойын түрлері де ойнатылып, гір көтеру, күрес, арқан тартудан жарыс ұйымдастырылған.

Наурыздың тағы бір нақышы Швецияда да көрініс тапты. Мерекені осындағы қазақ ұлттық мәдени орталығы өткізіпті. Айтапқыш, Швециядағы Ұлыстың ұлы күніне Оңтүстік Қазақстан облысының бір топ өнерпазы да арнайы барып қатысқанын атап өткен жөн. Олар қазақстандықтардың ыстық ықыласын алыстағы қандастарға жеткізіп, өн шырқап, жырдан шашу шашқан. Атамекендегі ағайындарын көріп, елге деген сағынышын басқан Швециядағы қазақтар да мейрам көрігін қыздырып, наурызкөже пісіріп, ұлттық тағамдардан дастарқан жайып, өнерімен шашу шашты.

Наурыз мерекесін Қытайдағы қандастарымыз да үлкен ықыласпен тойлады. Жалпы, Бейжіңде тұратын

қазақ зиялылары ұлы мейрамды 36 жылдан бері мерекелеп келе жатқанын атап өткен лөзім. «Жэньминь жибао» басылымының хабарлауынша, бмыл да жылдағы әдетінен жаңылмаған қандастар арнайы мерекелік кеш ұйымдастырып, Алтай аймақтық филармониясы өнер көрсеткен. Наурызға арналған шараға арнайы келген Қытай мемлекеттік бірінші дәрежелі әртісі Уан Хүнцуй мерекеге тарту ретінде қазақтың «Сары-жайлау» өнін әуелете салыпты.

Қазақстанның Бразилиядағы елшілігі де Наурыз мерекесін ұйымдастырудан ешкімнен кем қалған жоқ. Бұл елдегі Ұлыстың ұлы күніне арналған шарада қазақ диаспорасы ғана емес, жергілікті ұлт өкілдері де қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татып, ұлттық өнер бұлағынан сусындапты. Келген қонақтардың алдында сөз сөйлеген елші Қайрат Саржанов Наурыз туралы тағылымды сөздер айтып, жиналған қауымды ұлы мерекемен құттықтаған. Шара барысында мейрамды тамашалауға келген қауымға ЮНЕСКО мәдени мұралар тізіміне енген қазақтың асық ату ұлттық ойыны көрсетілді. Бразилиялықтар да мерекелік сый ретінде домбыра шертіп, қазақтың күйін күмбірлетті.

Жалпы, елімізде өтетін кез келген маңызды шаралар мен мемлекеттік мерекелерге еліміздің сырт мемлекеттердегі елшіліктері белсене атсалысады. Демек Наурыз мейрамы да әлемнің көптеген елдеріне дөріптеліп, шетелдіктер халқымыздың салт-дәстүрі мен өдет-ғұрпына қанығып, өнері мен танымы туралы ой түйетіні сөзсіз.

2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӨКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ				
Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қайыңды ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ	Косдаулетов Иргизбай Тулеуович, Қайыңды ауылдық округінің өкімі	1,8,15,22,29 сәуір 6,13,20,27 мамыр 3,10,17,24 маусым	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі № 6	74-8-10
СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ				
«Қайыңды ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының нөмірі 74-8-14. Сонымен қатар өкімшілік ғимаратында ұсыныс – пікір салу үшін сенім жөшігі орнатылған.				

2022 ЖЫЛДЫҢ –ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӨКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ				
Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ	Даулеткалиев Сандибек Токсанбаевич Ойыл ауылдық округінің өкімі	Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты:сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20
«Ойыл ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ	Амангосов Артур Сарсенбаевич Ойыл ауылдық округі өкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде қарастырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саны ұдайы көбейіп, бүгінгі күні Әлеуметтік сала бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 20 түрін құрайды.

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы 17 қызметтің 12-сі ішінара, 6-уы толық автоматтандырылған, қалған 3 қызмет қағаз түрінде көрсетіледі. Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі арқылы көрсетілген қызметтер бойынша және жаңадан қабылданған өзгерістерге байланысты ақпараттар аудан өкімдігінің сайтына сонымен қатар бөлімнің инстаграмм парақшасында, жергілікті баспасөз беттерінде жариялануда.

Биылғы жылы «Әлеуметтік қызметтер порталы» іске асырылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтар электронды цифрлы қолтаңба арқылы жеке оңалту бағдарламасына сәйкес қажетті құралдарға өтінім беруге мүмкіндік жасалды. Тұрғын үй көмегін тағайындау «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы жүзеге асырылады.

«Ойыл ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және төртінші арқылы 17 қызметтің 12-сі ішінара, 6-уы толық автоматтандырылған, қалған 3 қызмет қағаз түрінде көрсетіледі. Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі арқылы көрсетілген қызметтер бойынша және жаңадан қабылданған өзгерістерге байланысты ақпараттар аудан өкімдігінің сайтына сонымен қатар бөлімнің инстаграмм парақшасында, жергілікті баспасөз беттерінде жариялануда.

табысының 5 (бес) пайызы мөлшерінде белгіленген.

Мемлекеттік корпорация өтінішті ақпараттық жүйе арқылы қабылдайды және оны тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органға жібереді.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары ержайысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Мысалы: өтініш берушінің орташа айлық табысы 60,0 мың теңге, коммуналдық шығындар 20,0 мың теңге, есептеуге 60,0 мыңның 5 пайызы 3,0 мың теңге және 20,0 мыңнан 3 мың теңгені шегеріп, Тұрғын үй көмегі ай сайынғы мөлшері 17,0 мың теңге болып 1 тоқсанға тағайындалады. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады. Бұл жұмыстар өз жалғасын табады және Мемлекеттік көрсетілетін шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық